

О.Д. Бекжан

ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан (e-mail: orynbay.bekzhan@ayu.edu.kz)

Қабырғатал-Түркеш жазуының мағынасы

Андатпа

Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының Ақбұлақ ауылдық округіне қарасты Қабырғатал фермасының аумағынан 2012 жылы көлемі 11 см x 10 см x 1,5 – 2 см болатын тастың сынығы табылды. Табылған қара тас сынығының бетінде ірі жазулармен 8 таңба қашалған. Таңбалар екі қатарда бейнеленген. Бірінші қатарда 1 таңба, екінші қатарда 7 таңба байқалады. Бірінші қатарда тас иесінің негізгі аты Шынкыз, екінші қатарда ер аты «Туы – өрт» екені жазылған. Ірі жазулы негізгі мәтіндегі жоғарғы **Ұ** Ш таңбасының үстіндегі қырда жылқының қыл құйрығына ұқсас тудың суреті салынған. Тудың қылынан төменгі жағына ұсақ таңбалармен күрделі әріпті жазу жазылған. Мәтінде ТҮРКЕШ елі атауы және «Туы – өрт» аты қайталанып жазылған. Алдыңғы беттің төменінде ақ түсті доға суреті келтірілген. Оның екі ұшында екі тудың бейнелері және «Үш Түрүктің үш алтын туы» мәтіні жазылған. Сонда жоғарғы үлкен туды қосып есептегенде «Үш Түрүктің үш алтын туы» шығады. Жоғарғы ту мен оның астында 17 таңбадан тұратын күрделі әріп жазылған. Жазулы тас жыланның басына ұқсастырыла ойыла жасалған. Біздің ойымызша, ол ойық таспамен белге байлап алу үшін жасалған. Өйткені тас түркеш ерінің төлқұжаты есепті, онда ердің шын аты да, ер аты да және елінің аты да жазылған. Жазбада бұрын бізге мәлім Түрік қағанаты туралы мәліметтерді толықтыратын құнды тарихи деректер келтіріледі.

Кілт сөздер: Түркеш елі, жазба ескерткіш, алтын ту, жазулы тас.

O.D. Bekzhan

Candidate of Philological Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (e-mail: orynbay.bekzhan@ayu.edu.kz)

The Meaning of the Inscription Kabyrgatal-Turkesh

Abstract

In 2012, a stone measuring 11 cm x 10 cm x 1.5 – 2 cm was found on the outskirts of the Kabyrgatal farm in the Akbulak rural district, the Kursum district, and the East Kazakhstan region. 8 large written signs were carved on a smooth surface of black stone fragments. Signs were carved in two rows, in the first one sign was carved, and on the second seven signs. In the first row, the main name was written, like, Shynkyz, and on the second, the heroic name, like, “Banner – Fire.” On the edge of the stone above the sign **Ұ** Sh, which was written in large letters, a banner is depicted in the shape of a horse's tail.

A complex grapheme with small fonts is written on the handle of the banner. In the text, the name of the Turkic country, like, “Country of Turkes” and the re-inscription of the heroic name, like, “The banner is a fire” were written. At the bottom of the front surface is a thick arc. At both ends of the arc were depicted drawings of two banners in the likeness of a ponytail and a text was written above them, like, “Three golden banners of three Turks”. Both in the content of the text and in the account the drawing of the banners can be found “Three golden banners of the three Turks”. On the upper banner and under it is written a complex grapheme, comprising 17 characters. The stone with the inscription was carved in the likeness of the head of a snake. According to our assumption, that carving was made to tie a stone to a belt, since a stone with an inscription can be represented as a personal certificate, in which both the main name, and the heroic name, and the name of the country of the hero were written. Valuable historical data were presented in the inscription, supplementing previously known to us about the Turkic Kaganate.

Keywords: the country of Turkqez, a written monument, a golden banner, a stone with an inscription

Көне түркі күлбізік (руна) әліпбиімен жазылған жазба ескерткіштері Қазақстан аймағынан аз да болса табылып жатады. Солардың бірі – Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының Ақбұлақ ауылдық округіне қарасты Қабырғатал фермасының аумағынан табылған алақандай тас. Оны сол ферма-шаруа қожалық иесі Қашқынбаев Асқар Бидахметұлы (1961 жылы туған) алғаш 2012 жылы тапқан екен. Ол туралы маған археолог-ғалым Ғани Омаров 2015 жылы хабарлап, электронды поштама тастың суретін салды. Төменде сол суреттер беріліп отыр.






Ғани ол хабарында тас сипаты туралы былай дейді: «Қабырғатал шаруа қожалық иесі Қашқынбаев Асқар Бидахметұлы 2012 жылы 11 см x 10 см x 1,5 – 2 см болатын тас сынығын тапқан. Қабырғатал фермасы Боран – Күршім тас жолынан солтүстік-батыс бағытта 4 шақырым, Теріскей Бөкенбай аулынан оңтүстік-шығысқа 13 шақырым жерде орналасқан. Осы қара тасты 2015 жылы ауданға зерттеу жұмыстарымен барған Омаров Ғани Қалиханұлы басқарған Алтай археологиялық экспедициясына тапсырған. Сақталып қалған қара тастың бетінде 8 таңба қашалған. Таңбалар екі қатарда бейнеленген. Бірінші қатарда 7 таңба, екінші қатарда 1 ғана таңба байқалады. Бірінші қатардағы таңбалар ұзына бойы 8 см болатын жолаққа түзу сызық бойымен орналасқан. Осы қатардағы бір таңба қайталанады. Қара тастың беті арнайы қаріп түсіру үшін тегістеліп, қашалғаны аңғарылады. Тастың қырлары кедір-бұдырлы, адам қолына ұстағанға ыңғайлы етіп істелген. Біздің жорамал бойынша, таңбалы тас бастапқы кезде еңбек құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Өкінішке орай, тастың екінші бөлігін табу мүмкін болмады. Таңбалы тастың екінші жартысын табу, ғалымдардың жазуды толық оқуына ықпал ететіні анық. Мөлшерлі табылған жері: N 48°20'17,9" E 084°33'36,8", теңіз деңгейінен алғандағы биіктігі 600 м.».

Бұдан кейін Ғани өзі мен түркітанушы ғалым Нәпіл Базылхан екеуінің атынан жарияланған «ҚазҰУ хабаршысы» (2015) [1] журналындағы жазудың оқылымын интернетке [2] де салып ұсынады: «Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан табылған көне түрік бітік жазулы мәтіннің оқылуы: Мәтін транскрипциясы: *Er atim Taγran š?*


Қазақшасы: Ер (батыр) атым Таγран ш

Осы тастың мәтініне ұқсас «ер атым...» деген тұрақты қолданыс түрік дәуірінде кеңінен таралған, ондай жазулар Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Тыва, Хакасия және басқа аумақтарда молынан кездеседі.

Ал осы жолдағы көне түрік батырдың есімі **taγun // ataγ** деп оқылу мүмкіндігі болғанымен, оның есімін қашап таңбалағанда Талас көне түрік бітік ескерткіштерінде жиі кездесетін γ (ғ), ù (ө, ү) және r (p), q (к) таңбаларын өзара алмастырып қолданатындығы байқалады. **Сөйтіп, Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Ақбұлақ ауылдық округіне қарасты Қабырғатал фермасы төңірегінен табылған аталмыш тастағы мәтін көне түріктердің киелі мекені – Алтай тауының оңтүстік батыс бөлігінен табылуы табиғи заңдылық.** Бұл тастағы көне түрік мәтінінің таңба-графикалық ерекшелігі Талас ескерткіштеріне жақын. Сондықтан аталмыш тастағы мәтіннің хронологиясы Он оқ, Түргеш (VIII – X ғасырларға) дәуіріне қатысты болуы әбден ықтимал.



1-сурет – Көне түрік бітік жазулы мәтіннің фотосуреті (Ғ.Қ. Омаров, Н. Базылхан, 2015 ж.).



2-сурет – Көне түрік бітік жазулы мәтіннің сызбасы (Н. Базылхан, 2015 ж.)».


Н. Базылхан жоғарыда келтірілген көне түрүк күлбізик жазуының сегіз таңбасының әрбірін мағыналық жағынан бір-біріне қосып, өзінше оқыған. Жоғарғы қатардағы таңбаны Ш деп, екінші қатардағы алғашқы үш таңбаны «Ер атым» деп дұрыс түсіндіреді. Осы жолдағы мына **Х** таңбаны F деп оқыған. Ашықтас жазуында қолданылған осы таңбаны біз де езулік F деп оқыған болатынбыз. Алайда енесей (E-28/1/) жазба ескерткіштерінде бұл таңбаның еріндік буын ретінде ҰУF⁴ [3; 4] болып оқылуы да кездескен болатын. Қазіргі оқылып отырған жазбада да бұл таңба ҰУF⁴ болып оқылады, әрине, бұны Н. Базылханның білмегендігі мәлім. Сондықтан да ол алдыңғы таңба екеуін ТАF деп қате оқыған. Осылай оқуға сәйкестендіріп, ол келесі **Н** У таңбасын да P деп қате оқуға жол береді. Келесі соңғы таңба **У** PT [5] бірігіңкі таңбасы, оның қиғаш ұштары анық көрінбей, көмескі болып қалған, дегенмен төменгі ұшы едәуір анық байқалады. Бұл таңбаның мағынасын бізден басқа түркітанушымын деп жүргендердің ешқайсысы да білмейді, сол себептен Н. Базылхан да бұл таңбаны жуан **У** N¹ деп қате оқыған. Сөйтіп ол ежелгі ердің ер атын ТАFPAH деп қате қорытынды жасаған.

Көне жазулы тастың табылғанына сегіз жыл болса, бізге хабары жеткеніне де бес жыл өтті. 2017 жылдың наурыз айында біз алғаш рет оқып, мағынасын аша бастадық. Міне, содан бергі үш жылдан соң баспасөзге жариялауға енді дайындала бастады. Тастың алдыңғы беті мен сыртқы бетінде жазулар жазылған. Алдыңғы бетте 9, сыртқы бетінде 2 мәтін, барлығы 11 мәтін жазылған. Алдыңғы беттегі үлкен әріптермен жазылған екі жолды бір мәтін деп есептедік. Бұның астындағы кіші әріптермен жазылған күрделі графемалы жазуды да осы негізгі мәтінге қостық, өйткені жазу мен оның үстіндегі бұқа мен таутеке суреттері тұтастырыла бейнеленген. Жазбаларда күрделі графемалар мол қолданылған. Бұл кіші көлемге мол таңбалар сыйғызудың аса оңтайлы тәсілі екенін біз көп жылдардан бері айтып келеміз.

I. АЛДЫҢҒЫ БЕТ

1. Негізгі мәтін

Алдыңғы беттегі ірі әріптермен жазылған мәтінді ең негізгі мәтін деп санаймыз. Өйткені онда тастың иесінің негізгі және ер аты жазылған. Тастың екінші сынығы болмаса да, бізге жеткен бөлігінен тас иесінің аттарын оқуға мүмкіндік туды. Негізгі мәтінде жуан, езулік A T^1 таңбасы қолданылған, ал бұның төменгі тұсындағы күрделі графемалы мәтінде жуан, еріндік B T^4 да жазылған. Төмендегі қол көшірмемізде біз бұл таңбаны жуан, езулік T^1 таңбасы ретінде оқыған едік. Қазіргі түзетпе оқуымызда оны өз мәнімен оқуға да болатынын түсіндік, сонда ол таңба OT^4 (бұл таңба да енесей ескерткіштерінде (E-3; E-23) еріндік, жуан T^4 [6] болып қолданылғаны анықталды) болып оқылады. Біз қазір түзетілген мәтіннің транскрипциясы мен аудармасын баспа әріптерімен түсінікті етіп беруді жөн көріп отырмыз.



Төменгі мәтіннің күрделі графемасының қосымша бөлшектері:
 1) $\text{Z} - 3$ (үч); 2) $\text{h} - T^2$; 3) $\text{Y} - P^2$; 4) $\text{H} - YK^4$; 5) $\text{Y} - L^2$; 6) $\text{O} - \text{HK}$.

Төменгі күрделі графемалы мәтіннің жай таңбалы түпнұсқасы:
 $\text{YU} \text{B} \text{Y} \text{H} \text{X} \text{A} \text{O} \text{Y} \text{H} \text{Y} \text{H} \text{I} \text{N} \text{X} \text{A} \text{B} \text{Y} \text{H} \text{Z} \text{Z}$

Жай таңбалы түпнұсқаның транскрипциясы: аНЧа, аНЧа 3 (үч)
 ӨРТ , OT^4 T_5 $YUFL^1$ YK^1 T^2 YR^2 YK^4 еЛіНК T^1 YU Ғы ӨРТ , OT^4 eP^2 i $ePTi$.

Аудармасы: Сонша, сонша 3 (үш) өрт, от тулы түрүк елінің туы өрт, от ері еді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде санды таңбалау алғаш Арыс өзені бойындағы Күлтөбеден табылған жазуда [7] қолданылғаны

О.Д. Бекжан. Қабырғатал-Түркеш жазуының мағынасы

ашылған болатын. Онда сандар бір-біріне қосылмаған, бөлек-бөлек нүктелер мен сызықшалар арқылы белгіленген еді. Қазіргі жазбада **З** **НЧ** таңбасына біріктіріле таңбаланғаны байқалады. Осы мәтіннің үстіне ай мүйізді бұқа мен **У** еР² болып оқылатын мүйізді таутеке және жақ пен жебе бейнесі салынған. Төменде соның суретінің қол көшірмесі келтіріледі.



Негізгі мәтіннің алғашқы оқылымының транскрипциясы:

1 жол: ШыН¹ (атым)

2 жол: еР² аТ¹ыМ – Т¹ҰУҒ⁴ы – ӨРТ.


Аудармасы: 1 жол: ШыН¹ (атым)

2 жол: Ер атым – Туы – өрт.

2 жолдың толықтырылған оқылымының транскрипциясы: еР² аТ¹ыМ Т¹ҰУҒ⁴ы – ӨРТ еРТ₆i.

2 жолдың толықтырылған оқылымының аудармасы: Ер атым Туы – өрт еді.

Негізгі мәтіннің бірінші жолының қайта оқылған қол көшірмесі:




Негізгі мәтіннің бірінші жолының қайта оқылған қол көшірмесінде ШыН¹ аТ¹ыМ – ШыНҚыЗ болып оқылып, **5** РТ таңбасы белгіленбей қалып кеткен еді. Енді соның қайта қосылған толықтырылымын баспа әріптерімен келтірейік:

Транскрипциясы: ШыН¹ аТ¹ыМ ШыНҚыЗ еРТі.

Аудармасы: Шын атым Шынқыз еді.

2. «Ұлан жылан» мәтіні

Алдыңғы беттің оң жақ ұшындағы мәтінде ҰЛАН ДЖЫЛАН деген сөз тіркесі жазылған. Осы сөзден кейін мен тастың жыланның басына ұқсастырыла қашалғанын аңғардым. Мәтін тастың оң жақ ұшының жиегіне ұзыннан-ұзақ шұбатыла, жыланға ұқсастырыла тізбектелген. Мәтіннің басындағы **1** АР³ [8] таңбасы да ирек сызықтармен жазылатын **Ұ** С¹ таңбасына күрделі таңба ретінде біріктіріле таңбаланған. Ортадағы, мына таңбаға ұқсас **1** таңбаны **НҚ** таңбасы деп оқуға болады, сонда ол таңба **аРТыНҚ** болып оқылады. Төменде мәтіннің қол көшірмесі келтірілді.



Транскрипциясы: аР¹ы аС¹ыНЧ, аРТыНЧ аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа аРТыНҚ, ҰЛ¹аН¹ ДЖ³ыЛ¹аН¹ еРТіМ.

Аудармасы: Ары асқан, артқан сонша, сонша, сонша, сонша артыңқы, ұлан (аса үлкен) жылан (тектес) едім.

3. Тудың суреті мен оның ортасындағы мәтін

Негізгі мәтіндегі жоғарғы Ұ Ш таңбасының үстіндегі «жылан мойнында» тудың суреті бейнеленген. Ертедегі тулар аттың қылынан жасалған, суреттегі ту да аттың қылына ұқсастырыла салынған. Мәтін тудың қылынан төменгі жағына күрделі графемамен жазылған. Оның құндылығы – мәтінде ТҮРКЕШ елі атауы және «Туы – өрт» ер атының қайта жазылғаны болып табылады. Төменде тудың суреті мен мәтіннің қол көшірмесі ұсынылды.




Транскрипциясы: $T^2YR^2YK^4$ KіШі eL²iŃKі eP²i T¹YUҒY
ӨРТ ePTiM.

Аудармасы: Түрүк кіші елінің ері «Туы – өрт» едім.

Мәтінде «Түрүк кіші» тіркесі анық жазылған. Біз бұрынғы еңбегімізде [3, 350-б.] Түркеш елесімінің «Түрүк кіші – кіші түрүк» тіркесінен туғанын айтқан болатынбыз. Сол болжамымыз қазір толық дәлелденді деуге болады.

4. «Өрт, от тулы» мәтіні

Алдыңғы бетте «Туы – өрт» ер есіміне қарама-қарсы «Өрт, от тулы» ер болып айтылатын тіркесті сөйлем жазылған. Соның қол көшірмесін келтірейік:



Транскрипциясы: аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа, аНЧа өрт, өрт, от⁴, от⁴ Т¹ҰҒЛ¹ыК ертiм.

Аудармасы: Сонша, сонша, сонша, сонша, сонша өрт, өрт, от, от тулы едім.

5. «Үш Түрүк үш алтын туы» мәтіні

Алдыңғы беттің төменінде ақ түсті доға суреті келтірілген. Оның екі ұшында екі тудың бейнелері салынған. Сонда жоғарғы үлкен туды қосып есептегенде Үш Түрүктің үш алтын туы шығады. Күлтегін ескерткішінде «Төліс, тардұш бұдұнығ анта етміш» (КТү 13) [3, 299-б.] деген сөйлемнен Түрүк қағанатының екі үлкен бөлігін көруге болады.

Жоғарыда ескерткеніміздей оның үшінші кіші бөлігі Түркеш қағанаты деген пікірді тағы да қайталап өтеміз. Қабырғатал жазуы сол пікірлерді дәлелдеп отыр.

Алдыңғы беттің оң жақ ұшында аталмыш мәтін жазылған. Төменде соның қол көшірмесі ұсынылады.




Транскрипциясы: Y^4 аС¹ыЗ $T^2Y^2YK^4$ еЛ²іНК Y^4
аЛТыН¹ Т¹ҰУҒы.

Аудармасы: Үш асыл Түрүк елінің үш алтын туы.

6. «Үш Түрүк үш алтын, от туы» мәтіні

Бұл мәтін тастың ортасына әлсіз таңбалармен жазылған. Жалпы ортадағы негізгі мәтіннен басқа жазулар мен суреттер көмескі сызықтармен сызылған. Біз оларды үлкейту арқылы тұтас анық-қанығына жеттік. Мәтіндегі алтыншы таңба күрделі графема арқылы жазылған. Қол көшірмесінде біз ол таңба ЛТ бірігіңкі таңбасын ғана білдіреді деп Y^4 ТҮРҮК аЛТыН тіркесін ғана жазған болатынбыз. Оған қосылған Y^4 ТҰУҒЫ сөздерін фотошоппен қосқан едік. Төменде мәтіннің қол көшірмесі мен күрделі графеманың бөлшектенуін келтіреміз.



КГ – 1) \mathfrak{Z} – 3 (Y^4); 2) М – ЛТ; 3) Г – Ы; 4) \mathfrak{B} – $O T^4$;
5) \mathfrak{Y} – $Y U$; 6) \mathfrak{K} – F.

Транскрипциясы: Y^4 $T^2Y^2YK^4$ 3 (Y^4) аЛТыН¹, $O T^4$
Т₅ҰУҒЫ.

Аудармасы: Үш түрүк 3 (үш) алтын, от туы.

7. «Өтүкен йынч» мәтіні

Алдыңғы беттің төменгі жағында үлкен аң, мүйізді сиыр басы және үш аша суреттері салынған. Солардың үстеріне күлбіздік әріптерімен жазулар жазылған. Сиырдың әр мүйізінің өзі үш-үшке бөлінгендей болып бейнеленген. бұл түрүк баба ұрпағының үш-үштен алтыға бөлінетінін білдіргендей сезіледі. Бұлар жай көзге көрінбейді, оларды үлкейту арқылы анықтап оқыдық. Төменде

суреттердің, күлбізік және транскрипциялық жазулардың қол көшірмелерін ұсынамыз.



Аңның үстіндегі жазудың транскрипциясы: ҮЧ
Т²ҮР²ҮК⁴ аС¹ыЗ, ал¹П еЛ²і ӨТ⁴ҮК⁴еН² аН¹Ча, аН¹Ча ай¹аН¹Ч⁶
Й¹ыН¹Ч¹Т¹а ОЛ¹ҮР¹ҮР¹ еР¹Т¹і.


Аудармасы: Үш түрүк асыл, алып елі Өтүкен сонша,
сонша аяулы жыныс-тауда отырар еді.

Оң жағындағы үш ашаның үстіндегі жазудың
транскрипциясы: аС¹ыЗ, ал¹П Т²әН¹Р²і-іД²еН²ің аС¹ыЗ З(үч)
еБ² Т²ҮР²ҮК⁴ еЛ²іН¹К ҮЧ ал¹ТыН¹ Т¹ҮУ¹Л¹ыК еЛ²і еР¹Т¹і.

Аудармасы: Асыл, алып Тәңірі-Ійенің асыл З (үш) үй(лі)
Түрүк елінің үш алтын тулы елі еді.

8. «От, өрт тулы Түркеш елі» мәтіні

Жоғарғы ту мен оның астында 17 таңбадан тұратын күрделі графема жазылған. Төменде сол графема мен оның бөлшектелген таңбалары және жай таңбалардың толық түпнұсқасы мен транскрипциясының қол көшірмесі берілді.




Баспа әріптерімен қайта терілген транскрипциясы: Мен² аC¹ыЗ, OT⁴ T¹YUF⁴ыK, өPT T¹YUF⁴ыK T²YR²YK⁴ KіШі еЛ²іңKі еP²іM⁶.

Аудармасы: Мен асыл, от тулы, өрт тулы түрүк кіші елінің ері едім.

9. «Үш жақ-жебе, үш қылыш» мәтіні


Тастың алдыңғы бетінде үш жақ пен жебе және үш қылыштың суреті салынған. Бұлармен бірге ол суреттердегі сызықтар арқылы таңбалар да бейнеленген. Біздің қол көшірмемізде қылыштағы жазу оқылған, бірақ садақтағы жазуға көңіл бөлінбепті. Ал қазір арнайы зер салып қарағанымызда жақ суретін HD Й¹аК деп оқуға болады екен. Оны тіпті теріс қаратылған DЖ ³ таңбасымен де оқуға болады. Көлденең жебе мен екі тік жебені және астындағы екінші жақтың ирегін YЧ⁴ деп оқысақ, үлкен жақтың қасында жақтың суретіне ұқсатылған PT және оның қасында YЙ ², XB ² және екінші тік жебе арқылы жіңішке C ² таңбалары да бейнеленген. Төменде жақ пен қылыштың суреттерінің қол көшірмелерін ұсынамыз.

Тастау моллаңның баспаға ұсыатын жазбадан.
 ASC-0118 29.03.2017 м. сағ 9:50-10:20
 алдыңғы бет
 Екінші тір жебе мен садақ-
 тағы ашылған күні.
 Бүткілі садақ пен жебе
 (көздеген) Кеше, 28.03.17,
 күні ашылған.
 Үшінші садақ пен жебе
 де бүгін ашылған. 10:25-10:50
 Көздеген тір жебе мен садақ



ӘН Қылш сөзі мен
 Үш қолмен суреті де
 ашылған күні.

ASC-0120 29.03.17
 алтын
 ТҰҒА-
 ақ
 ТР: ҮҮТ²ҮР²ҮК⁴ІНК
 ҮҮ⁴ Қылшы



алдыңғы бет
 Түстен кейін Үш қолмен,
 الحمد لله رب العالمين الرحمن الرحيم

Енді қол көшірме мен жақ-жебе жазуының толықтырылған мәтінінің баспа әріптермен терілімін келтірейік:

Транскрипциясы: ҮЧ⁴ алТын¹ Т¹ҮУҒЛ¹ыҚ Т²ҮР²ҮК⁴ еЛ²іНК ҮЧ⁴ Қылшы Й²ӘН²е ҮЧ⁴ Й¹аҚ- Й²еБ²еС²і еРТі.

Аудармасы: Үш алтын тулы Түрүк елінің үш қылышы және үш жақ-жебесі еді.

II. СЫРТҚЫ БЕТ

1. «Түркеш ізгі елі» мәтіні

Алдыңғы бетпен салыстырғанда сыртқы беттегі жазулар өте әлсіз сызықтармен жазылған. Бұл бетте екі мәтіннің жазылғаны аңғарылды. Бірінші, екі күрделі графема арқылы жазылған мәтінде түркеш еліне арналған мәлімет келтірілген. Төменде жазудың қол көшірмесі ұсынылады.




Қол көшірmemіздің бірінші күрделі графемасындағы L^2 таңбасынан кейінгі Γ I таңбасын белгілеуді назардан тыс қалдырыппыз. Қазір мәтіннің баспа әріптерімен терілген нұсқасын ұсынамыз.

Транскрипциясы: ТҮР²Кеш ІЗГІ еЛ²І еР²І.
 Аудармасы: Түркеш ізгі елі еді.

2. «Туы өрт» мәтіні

Бұл мәтін сыртқы беттің төменгі оң жақ бұрышында орналасқан. Қол көшірmemізде біз күрделі графемада көлденең орналасқан \wedge P² таңбасына зер салмағанымызды қазір ғана байқадық. Таңбаның оң жақ бөлігі Γ Ы таңбасын білдіреді. Осы таңбалардың қосылуы арқылы мәтін мағынасы толығы түсті. Төменде қол көшірmemіз ұсынылады.



Транскрипциясы: еР² аТ¹Ы Т¹ҰҮҒЫ – ӨРТ еР²І.
 Аудармасы: Ер аты Туы – өрт еді.

Көктүрік күлбізік жазба ескерткіштерінің табылуы тарихын саралаған кезде онда көптеген ел аттарының келтірілгенін аңғарамыз. Солардың бірі Түркеш қағанатына II Шығыс Түрік қағанатының шабуыл жасауы (КТү 18) [3, 300-б.] кезінде айтылады. Күлтегін ескерткішінде Түргес бұдыны, қағаны болып, сегіз рет жазылып қалған. Бұған қосымша бұл тайпа Он оқ оғылы, бұдыны (КТү 19, 53) [3, 301-б., 308-б.] болып та аталып өткен. Қазіргі сөз болып отырған Қабырғатал жазуы Түркеш қағанаты мен оның атақты бір ері туралы мәлімет беруімен аса құнды жазба ескерткіш болып табылады.

Жазбада бұрын бізге мәлім Түрік қағанаты туралы мәліметтерді толықтыратын құнды тарихи деректер келтіріледі. Күлтегін ескерткішінде Түрік қағанатының төліс, тәрдіш және түркеш болып бөлінгені айтылса, Мойын Шор және Теркін-Тариат жазба ескерткіштерінде (МШ-46-47) [9], (Теркін-Тариат-22) [10] үш тулы түрік болып аталғаны алғаш рет нақтыланады. Ал қазіргі Қабырғатал жазуында ҮШ АЛТЫН ТУЛЫ ТҮРҮК ЕЛІ болып арнайы дәйектеліп отыр. Ежелгі тулар қылдан жасалса, ал Түрік қағанатының туының қылдары алтындалғаны бір емес, үш мәтінде айғақталған. Алтынның түсі сары және қызғылт болатыны мәлім. Осыған сәйкес түркеш ерінің туы да қызыл алтын сияқты өрт түстес болғаны да бірнеше рет қайталаанады. Жазуда Түрік қағанатының отырған орыны Өтүкен жыныс-тауы екені, оның түркілерге аяулы екені де ерекше негізделеді.

Мәтінді жазушы кісі жазумен бірге бірталай суреттер келтірген. Мысалы, бұрынғы Маңғыстау жазуында ЙАШ ЕР КІЙІК тіркесі [3, 211-б.] жазылған тұста Υ P² таңбасы киік мүйізіне ұқсастырыла бейнеленген болатын. Қазіргі жазуда да бұл таңба мүйіз ретінде таутекенің басына орналастырылған. Осыған сәйкес осы киік мүйізі таңбасы жіңішке P² -дың белгісіне алынған деген қорытынды [3, 19-б.] ойға келген еді. Жазуда ту суреттері, бұқа, таутеке және маймылға ұқсас бір үлкен аңның суреттері берілген. Сондай-ақ алдыңғы беттің «Ұлан жылан» мәтінде доғалы ұштың бойына жазу жылан сияқты ирелеңделе жазылса, «Түркеш ізгі елі» мәтіндегі жазу сызықтары піл суретінің нобайына келтіріле суреттелген. Бұл ірі аңдар суреттері Түрік қағанатының ірілігін көрсету үшін арнайы бейнеленгені еш дау тудырмайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жазулы тас жыланның басына ұқсастырыла ойыла жасалған. Біздің ойымызша, ол ойық таспамен байлап белге байлап алу үшін жасалған. Оның себебі тас түркеш ерінің төлқұжаты есепті, онда ердің шын аты да, ер аты да және елінің аты да

жазылған. Байланған таспа қажала келе далада үзіліп түсіп қалған. Солай жердің бетінде жатқанда бір малдың тұяғы оны екіге бөліп тастаған деуге болады. Өкініштісі екінші бөлігінің табылмағанында болып тұр. Оның табылмау себебі табылған тастың айналасынан ғана іздеуден болуы ықтимал. Оны бір қойшы құлаштап лақтырған тұсқа дейін іздеген лазым. Дегенмен табылған бөлігінің өзінен осынша құнды мәліметтер алуға мүмкіндік болғанын да үлкен қанағат тұтамыз. Жазбалы тас ежелгі Түркеш елінің аумағынан табылуына оның мазмұнындағы аталмыш ел атауының оқылғаны сәйкес келуі жазба ескерткіштің құндылығын арттыра түседі. Жазба мазмұнындағы «Үш Түрүк елінің үш алтын туы» деген мәліметтің өзі ғана түркі тарихына тың дереккөз ретінде қызмет ететіні күмәнсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омаров Ғ.Қ., Базылхан Н. Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан жаңадан табылған көне түрік бітік жазулы ескерткіш туралы (алғашқы талдау) // «ҚазҰУ хабаршысы», 2015, № 6 (158), 168–171 б.
2. Омаров Ғ.Қ., Базылхан Н. Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан жаңадан табылған көне түрік бітік жазулы ескерткіш туралы (алғашқы талдау), ҚазҰУ хабаршысы (2015) // <https://articlekz.com/kk/article/23263>.
3. Бекжан О.Д. Түркі күлбіздік жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. Алматы: «Қазығұрт», 2015. 366 б.
4. Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983. 128 с.
5. Бекжан О. Енесей ескерткіштеріндегі белгісіз бесінші бірігіңкі дауыссыздардың дыбыстық мағынасы мен таңбасы. // «Тілтаным», Алматы: «А.Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі институты», 2001, № 2, 99–107-б.
6. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. I том. Алматы, 2019. 632 б.
7. Бекжан О.Д. Күлтөбе – IV жазуының мағынасы. III Халықаралық Түркология конгресі. Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе). Түркістан, 2009, 18–20 мамыр. 382–384-б.
8. Бекжан О.Д. Ашықтас күлбіздік жазуы – ең кейін жазылған жазба ескерткіш.// Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті «ҚазҰУ Хабаршысы», филология сериясы. Алматы, «Қазақ университеті», 2016, № 5, 70–75 б.
9. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. Алматы: «Ғылым», 1990. 145 б.
10. Кляшторный С.Г. Терхинская надпись. // «Советская тюркология», Баку, 1980, № 3 (май-июнь), С. 88-91.

REFERENCES

1. Omarov Ғ.Қ., Bazylyhan N. Shyǵys Qazaqstan oblysy Qabyrǵataldan jańadan tabylǵan kóne túrik bitik jazýly eskertkish týraly (alǵashqy taldaý) // *QazUÝ habarshysy*, 2015, № 6 (158), 168 – 171 bb.

2. Omarov Ğ.Q., Bazylhan N. «Shygys Qazaqstan oblysy Qabyrgataldan jañadan tabylğan kóne túrik bitik jazýly eskertkish týraly (algashqy talday)», *QazUÝ habarshysy* (2015) // <https://articlekz.com/kk/article/23263>.
3. Bekjan O.D. «Túrki kúlbizik jazba eskertkishteri tiliniń semiotika-semantikalyq negizderi». Almaty: Qazyǵurt, 2015. 151–152 bb.
4. Vasilev D.D. «Korpýs týrkskih rýnicheskikh pamiatnikov basseina Eniseia». L., S. 128.
5. Bekjan O. «Enesei eskertkishterindegi belgisiz besinshi birigińki dayýssyzdardyń dybystyq maǵynasy men tańbasy». // Tiltanym, Almaty, «A.Baitursynuly atyn. Til bilimi instityty», 2001, № 2, 99 – 107 bb.
6. *Ejelgi dáýir ádebiyatiniń antologuasy. Islamǵa deingi ádebi jádigerler*. I tom. Almaty: 2019. 632 b.
7. Bekjan O.D. «Kúltóbe – IV jazýynyń maǵynasy», *III Halyqaralyq Türkologia kongresi. Búgingi türkologuanyń ózekti máseleleri men keleshegi (ortaq til, tarih jáne álippe)*. Türkistan, 2009, 18 – 20 mamyr. 382 – 384 bb.
8. Bekjan O.D. «Ashyqtas kúlbizik jazýy – eń keiin jazylğan jazba eskertkish» // *Ál-Farabi atyndaǵy Qazaq Ullyq Ýniversiteti «QazUÝ Habarshysy», filologua seruasy*. Almaty, «Qazaq ýniversiteti», 2016, № 5, 70 – 75 bb.
9. Aıdarov Ğ. «Orhon eskertkishteriniń teksi». Almaty: «Ğylym», 1990. 145 b.
10. Khashtornıy S.G. «Terhinskaia nadps» // «Sovetskaya týrkologua», Baký, 1980, № 3 (mai-ıyn), S. 88 – 91.

Özet

2012 yılında Doǵu Kazakistan bölgesinin Kürşüm İlçesinin Akbulak kırsalında bulunan Kabil çiftliǵi topraklarında 11 cm x 10 cm x 1,5 – 2 cm büyüklüğünde bir taş bulunmuştur. Kara taşın yüzeyinde büyük yazıtlı sekiz sembol var. Semboller iki sıra halinde gösterilmiştir. Birinci satırda bir sembol, ikincisinde ise yedi tane sembol görünmektedir. İlk satırda taş sahibinin asıl adı Şınkız, ikinci satırda kahraman adı “Bayrak – Ateş” olduǵu yazılmaktadır. İri yazılı asıl metnin üst tarafında **Y** Ş sembolünün üstünde at kuyruǵuna benzeyen bir bayrak resmi vardır. Bayraǵın alt kısmında ufak sembollerle karışık harfli yazılar mevcuttur. Yazıda TÜRK ülkesinin adı ve “Bayrak – Ateş” adı tekrarlanmaktadır. Ön yüzünün altında beyaz bir yay görüntüsü var. Yayın iki ucunda iki bayraǵın resmi ile “Üç Türkün üç altın bayraǵı” yazısı bulunmaktadır. Böylece üstteki büyük bayrak ile birlikte “Üç Türkün üç altın bayraǵı” oluşmaktadır. Üstteki bayrak ile onun altındaki 17 sembolden oluşan karmaşık metin yazılmıştır. Yazıt bir yılanın başı şeklinde oyulmuştur. Tahminimizce, bir kayışla bele bağlanacak şekilde tasarlanmıştır. Çünkü bu yazıt, Türk kahramanın kimliǵi gibi idi. Yazıtta onun hem asıl adı, hem kahraman adı ve ülkesinin adı belirtiliyordu. Bu yazıt bildiğimiz Türk hakanları hakkında bilgileri tamamlayan deǵerli tarihsel bilgiler içeriyor.

Anahtar kelimeler: Türkes ülkesi, yazıt, altın bayrak, yazıtlı taş.
(Bekjan O.D. Kabrygatal-Türkes Yazıtının Anlamı)

Аннотация

В 2012 году на окраине фермы Кабырғатал сельского округа «Акбулак» Куршумского района Восточно-Казахстанской области был найден камень размером 11 см x 10 см x 1,5 – 2 см. На гладкой поверхности обломка черного камня были высечены 8 крупных письменных знаков. Знаки были высечены в два ряда: в первом был высечен 1 знак, а во втором 7 знаков. В первом ряду было написано основное имя, Шынкыз, а во втором - геройское имя, «Знамя – пожар». На краю камня над знаком Ү Ш, который был написан в тексте крупными буквами, изображен рисунок знамени наподобие конского хвоста. На рукоятке знамени написана сложная графема мелким шрифтом. В тексте указано наименование тюркской страны («Страна Тюркеш») и повторно упоминается героическое имя, «Знамя – пожар». В нижней части передней поверхности изображена толстая дуга. На обоих концах дуги были размещены рисунки двух знамен, похожих на конский хвост, и над ними находился текст: «Три золотых знамени трех Тюрков». И по содержанию текста, и по количеству нарисованных знамен можно обнаружить «Три золотых знамени трех Тюрков». На верхнем знамени и под ним наблюдается сложная графема, состоящая из 17 знаков. Камень с надписью был вырезан наподобие змеиной головы. По нашему предположению, резьба была сделана для привязывания к поясу, так как камень с надписью можно было представлять как удостоверение личности, в котором были указаны и основное имя, и геройское имя, и название страны героя. В исследуемой надписи представлены ценные исторические данные, дополняющие ранее известные нам сведения о Тюркском каганате.

Ключевые слова: страна Тюркеш, письменный памятник, золотое знамя, камень с надписью.

(Бекжан О.Д. Значение надписи Кабырғатал-Тюркеш)